

Петропавл қаласы халқының мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 444 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 24 сәуірде N 13-1-152 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 17 наурыздағы N 308 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010.03.17 N 308 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңының 5-бабы, 2-тармағы, 7-бабы, 5-4) тармақшасына, 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды есепке ала отырып, жұмыспен қамту саясатын іске асыру және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Петропавл қаласы халқының мақсатты топтарын жататын тұлғаларының мынадай қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (1 жылдан астам);
- 2) оқу орындарының түлектері;
- 3) Петропавл қаласы ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің саны немесе штатының қысқартылуына байланысты босатылған тұлғалар;
- 4) еңбекақысы сақталусыз демалыстағы тұлғалар;
- 5) толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған тұлғалар ;
- 6) өндіріс тоқтап тұрғандықтан жұмыспен уақытша қамтылмаған тұлғалар ;
- 7) уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысқан тұлғалар;
- 8) өз тілегі бойынша жұмыстан шыққан тұлғалар;
- 9) орта және жоғары оқу орындарында оқитын жастар (демалыс кезінде);
- 10) 25-ті қоса жасқа дейінгі жастар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің

2009.07.01

N

741

Қаулысымен

2. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қосымша мақсатты топтарға жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға көмек көрсету және әлеуметтік қорғау шараларын уақытында қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н. Қ ұ л ж а н о в а ғ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Қала әкімі

Е. Нұрақиев